

Ағылшын тілінде тіл дамытуда қолданылатын көрнекі құралдар

Орындаған: Канагатова Айдана
Тобы: Шта-41

Дипломдық жұмыстың өзектілігі. Қоғам ілгері дамыған сайын оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тіл үйретудің әр түрлі әдістері көбейіп келеді. Міне сондықтан, қазіргі заманның негізгі талабы болып саналатын ағылшын тілін оқытудың әдісін жаңғыртудың мақсатында көрнекілік әдісін қолдану оқушылардың білім деңгейін арттырып қана қоймай, олардың кейіннен де ағылшын тілін меңгеруге мотивациясын оятатыны анық.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Ағылшын тілін оқытуда көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігін анықтап, оларды сабақ барысында қолдану.

Дипломдық жұмыстың міндеттері:

- Көрнекі құралдардың оқу процесінде қолданылуының ерекшеліктерін, түрлерін қарастыру;
- Ағылшын тілін оқытуда көрнекі құралдарды пайдаланудың теориялық негіздерін айқындау;
- Ағылшын тілі сабақтарында көрнекі құралдарды тәжірибелік жағынан қолдану және олардың көмегімен сабақтарды өткізудің тиімділігіне сараптама жүргізу.

○ Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация



Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.



Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі.

Ағылшын тілін оқытуда көрнекілік әдісінің шарттары:

- көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды, демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
- көрнекі құрал мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға оқушыларды қатыстыру.

- Көрнекіліктерді пайдаланудың өзіндік ережелері бар:

Көрсетіп отырған көрнекіліктің мазмұны дұрыс болу керек;

Сабақ тақырыбына сай болу керек;

Алдыңғы материалды меңгергеннен кейін ғана жаңа материалға көшу

Сол сурет көрнекілігін көріп, оны оқушы дұрыс түсіну үшін мағынасын дұрыс түсіндіре алу керек.